

2012 жылғы 2 ақпандағы "Мүгедектер және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" әкімдіктің № 36 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы N 389 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 қаңтарда N 2836 тіркелді. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 28 наурыздағы N 134 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 28.03.2013 N 134 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 13), 14), 14-1), 14-3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабының 5-5) тармақшасына сәйкес Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылғы 2 ақпандағы «Мүгедектер және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» әкімдіктің № 36 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-16-124 тіркелген, аудандық «Тарбағатай» газетінде 2012 жылғы 23 ақпандағы № 21-22 санында жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«1. Мүгедектер үшін жұмыс орынының жалпы санының үш проценті мөлшерінде, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларға және қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін бір процент мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін. »

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Жақаева жүктелсін.

3. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Текешов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК